

**Қызметті ықтиярсыз (соттан тыс) тоқтатылған банктерде тарату ісін аяқтау тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасы 1999 жылғы 28 мамыр N 122 Қаулы. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы N 81 қаулысымен.

*Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы N 81 қаулысымен.*

-----Қаулыдан үзінді-----

*Нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы*  
**Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :**

*1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қызметті ықтиярсыз (соттан тыс) тоқтатылған банктерде тарату ісін аяқтау тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 1999 жылғы 28 мамырдағы N 122 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 790 тіркелген) күші жойылды деп тағылсын.*

*2. Осы қаулы қабылданған күннен бастап қолданысқа енгізілді...*

**Т ө р а ғ а**

-----

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы  
**қ а у л ы е т е д і :**

1. Қызметі ықтиярсыз (соттан тыс) тоқтатылған банктерде тарату ісін аяқтау тәртібі туралы нұсқаулық бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Жоғарыда аталған Нұсқаулық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1996 жылғы 9 ақпандағы N 31 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы банктерді тарату туралы ереженің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 1996 жылғы 30

шілдедегі N 173, 1996 жылғы 19 қыркүйектегі N 220, 1996 жылғы 8 қарашадағы N 269, 1997 жылғы 20 қаңтардағы N 19, 1997 жылғы 15 қыркүйектегі N 349 және 1998 жылғы 24 қаңтардағы N 25 қаулыларымен бекітілген өзгерістері мен толықтыруларының күші жойылды деп танылсын.

3. Заң департаменті (Сизова С.И.) Банктерді тарату ісін бақылау басқармасымен (Жаманбаева Ж.Р.) бірлесіп осы қаулыны және Қызметі ықтиярсыз (соттан тыс) тоқтатылған банктердегі таратылу процесінің аяқталу тәртібі туралы нұсқаулықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткізсін.

4. Банктерді тарату ісін бақылау басқармасы (Жаманбаева Ж.Р.) осы қаулыны және Қызметі ықтиярсыз (соттан тыс) тоқтатылған банктерде тарату ісін аяқтау тәртібі туралы нұсқаулықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізген күннен бастап екі апта мерзімде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық филиалдарына жіберсін.

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық филиалдары осы қаулыны және Қызметі ықтиярсыз (соттан тыс) тоқтатылған банктерде тарату ісін аяқтау тәртібі туралы нұсқаулықты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шешімімен ықтиярсыз таратылған банктердің тарату комиссияларына жіберсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.З.Нәлібаевқа жүктелсін.

Ұ л т т ы қ                      Б а н к

*Төрағасы*

Қ а з а қ с т а н

Ұ л т т ы қ

1 9 9 9

N 122 қаулысымен бекітілген

**Қызметі**

**тоқтатылған**

**аяқтау тәртібі туралы нұсқаулық**

Б а н к і

ж ы л ғ ы

**ықтиярсыз**

**банктерді**

Р е с п у б л и к а с ы

2 8

Б а с қ а р м а с ы н ы ң

**(соттан**

**тарату**

**тыс)**

**ісін**

Осы Нұсқаулық 1997 жылғы 11 шілдеге дейін қолданылған банк Заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шешімі бойынша (бұдан әрі - Ұлттық Банк) қызметі ықтиярсыз тоқтатылған Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің таратылу процесінің аяқталу тәртібін белгілейді және Қазақстан Республикасының "Банк қызметінің мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 11 шілдедегі Z970154\_ Заңы қолдануға енгізілгенге дейін пайда болған құқықтық қатынастарға қатысты қолданылады.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Нұсқаулық банктердің тарату комиссияларының қызметін реттейді, олардың өкілеттігін, сондай-ақ Ұлттық Банктің солардың қызметіне бақылау жасау жөніндегі өкілеттігін белгілейді.

2. Ұлттық Банк Басқармасының банк ашу туралы қаулысы қабылданған күннен бастап рұқсатын қайтарып алу және банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиялардың күшін жою туралы қаулысы банкті таратуға негіздеме деп табылсын.

Банктегі тарату процесі Ұлттық Банк банкті басқару жөнінде уақытша басқарушы тағайындаған жағдайда банктің таратылу комиссиясы құрылған күннен бастап басталды деп саналады.

3. Ұлттық Банк Басқармасының ықтиярсыз тарату туралы қаулысы қабылданған күннен бастап және банкті тарату процесі аяқталғанға дейін:

1) ықтиярсыз таратылатын банктің акционерлерінің жалпы жиналысының, басқа адамдардың және лауазымды адамдардың өкілеттіктері, соның ішінде мүлікті иелену және міндеттемелерді өтеу жөніндегі өкілеттіктері, сондай-ақ олардың банкті басқару жөніндегі құқықтары тоқтатылады;

2) таратылатын банктің атынан немесе соның есебінен жүзеге асырылатын іс-әрекет банкті тарату комиссияның бастығы арқылы немесе сол берген сенімхат бойынша жасалса ғана заңды бола алады;

3) таратылатын банктің барлық борыштық міндеттемелерінің мерзімдері өтіп кетті деп саналады;

4) таратылатын банктің берешектерінің барлық түрлері бойынша есептелген өсімақы және сыйақы тоқтатылады;

5) таратылатын банктің мүлкін өндіріп алу жөніндегі барлық заңды шектеулер алынады;

6) таратылатын банктің қатысуымен сотта қаралатын мүліктік сипаттағы даулар олар жөнінде қабылданған шешімдер заңды күшіне енбесе тоқтатылады;

7) банкке қатысты мүліктік және қаржылық сипаттағы барлық талаптар сол күннен бастап банктің тарату комиссиясының атына ғана қойылады және осы нұсқаулық белгілеген тәртіппен қаралады;

8) тарату процесі басталғанға дейін соттар қабылдаған және таратылатын банкке қойылатын мүліктік талаптарға қатысты атқарушы құжаттар рет-ретімен орындалу үшін банктің тарату комиссиясына беріледі.

4. Таратылатын банктің барлық активтері тарату массасын қалыптастыруға арналған негізді құрайды.

5. Банктің таратылуына байланысты барлық шығын осы банктің қаражатының есебінен ғана шығарылады, осы Нұсқаулықтың 6-тармағында көзделген жағдайда болмаса, банктің таратылуына байланысты шығынды Ұлттық Банктің қаржыландыруына тыйым салынады.

6. Ілуде бір жағдайда ғана тарату жүргізу ісін белгіленген тәртіппен аяқтау туралы хабарламаның (хабар) құнын төлеуге таратылатын банктің ақшасы болмай қалғанда, Ұлттық Банк өз қаражаты есебінен осыған байланысты шығынды төлеуге құқылы.

7. Таратылатын банктің міндеттемелері бойынша есеп айырысуды жүзеге асырғанда тарату ісіне сенімді адамның қызметін орындауына байланысты, сондай-ақ банктің уақытша жұмыс істей беруін қамтамасыз ету қажеттігінен туындайтын шығындар тұрақты және бірінші кезекте шығарылады.

8. Осы Нұсқаулықтың белгілеген ерекшеліктерді ескере отырып банктерді тарату комиссияларының қызметіне байланысты жекелеген мәселелер банк заңдарына қайшы келмейтін басқа нормативтік құқықтық актілермен реттеледі.

## **2-тарау. Уақытша басқарушының өкілеттіктері**

9. Уақытша басқарушының өкілеттіктері мыналар:

- банкті бақылау және құжаттар мен құндылықтарды қабылдау-өткізу туралы қажетті актілерді жасай отырып банк операциясын жүргізу лицензиясын, банкті тіркеу жөніндегі құжаттарды, банктің мөрлерін, мөртабандарын және бланктерін және таратылатын банктің барлық басқа құжаттарын талап ету;

- банкті тарату туралы шешім қабылданғаны туралы клиенттерге, басқа да мүдделі заңды және жеке тұлғаларға жазбаша хабарлау;

- кем дегенде екі республикалық газетте банкті ықтиярсыз тарату туралы шешім қабылданғаны жөнінде ақпарат жариялау;

- кассаға ревизия жүргізе отырып, таратылатын банктің корреспонденттік шоттарын, кассаларын жабу, тарату шотын ашу;

- корреспондент банктерге және Ұлттық Банктің тиісті облыстық филиалдарына банктің атынан құжаттарға қол қою құқы бар лауазымды адамдардың қолының үлгісі бар жаңа карточкаларды көрсету;

- банк мүлкін сақтауды қамтамасыз ету;

- банкті басқаруды қамтамасыз ету жөнінде басқа да қажетті шараларды қолдану;

- өзін тағайындаған органға банкті басқару жөніндегі өзінің қызметінің аяқталғандығы туралы жазбаша есеп тапсыру;

- банктің активтерін анықтау және меншік иесінің және банктің жоғарғы органдарының өкілеттігі шегінде оның таратылу мақсатын ескере отырып оның барлық активтеріне ие болу;

- банктің атынан (контракттар мен құжаттарға қол қоюды қосқанда) банктің тарату мақсатына және қызметінің аяқталуына сәйкес келетін оның басшылығының қызметін атқару;

- банктің атынан және соның мүддесі үшін талаптар қою.

10. Уақытша басқарушының өкілеттігі банкті тарату комиссиясының тағайындаған күннен бастап тоқтатылады.

### **3-тарау. Банктің тарату комиссиясы**

11. Банктің тарату комиссиясы банктің атынан іс-әрекет жасайды және өзінің құзырына кіретін мәселелер бойынша шешім қабылдаған кезде дербестік т а н ы т а д ы .

12. Тарату комиссиясы Ұлттық Банк Басқармасының банк ашу туралы рұқсатын қайтарып алу және банк операцияларын жүргізу лицензиясының күшін жою туралы қаулысы негізінде Ұлттық Банктің облыстық (аумақтық) филиалы бастығының бұйрығы бойынша банктің тұрған жерінде тағайындалған күннен б а с т а п к ұ р ы л д ы д е п с а н а л а д ы .

Басқа облыстарда банктің филиалдары болған жағдайда солар бойынша құрылған тарату комиссиялары бас банктің тарату комиссиясының атынан және соның тапсырмасы бойынша өз қызметін жүзеге асырады.

Бас банктің тұрған жері бойынша құрылған тарату комиссиясы жедел басшылық жасайды және банк филиалдары бойынша тарату комиссияларының ж ұ м ы с ы н б а қ ы л а й д ы .

Банктің тарату комиссиясының төрағасы комиссия жұмысына жетекшілік етеді және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес оның жұмысының жүзеге асырылуына жауап береді.

Банктің тарату комиссиясының мүшелерінің құқықтары мен міндеттері және басқа да талаптар осы адамдармен жасалған шарттарда белгіленеді.

Тарату комиссиясының құрамына белгіленген тәртіппен кредиторлардың мүддесін білдіретін адамдар енгізіледі.

13. Тарату комиссиясының төрағасы және мүшелері Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген шекте банкке келтірілген зиян үшін жауап береді.

Тарату комиссиясының құрамына енгізілген адамдар, соның ішінде Ұлттық Банктің қызметкерлері өздеріне жүктелген міндеттерді атқарады және өздерін тағайындаған орган осы міндеттерден оларды босатқанда болмаса оның жұмысына банкті тарату процесі аяқталғанға дейін қатысады.

14. Таратылатын банктің акционері болып табылатын адам банкті тарату комиссиясының бастығы (төрағасы) болып тағайындала алмайды.

Банкті тарату комиссиясының құрамына осы тарату комиссиясын құрған органның шешімі бойынша өзгерту енгізуге болады.

15. Банктің тарату комиссиясын тағайындаған күннен бастап таратылатын банктің істері мен мүлкін басқару жөніндегі барлық өкілеттік соған көшеді.

Уақытша басқарушы тағайындалмаған немесе ол өз міндеттерін орындамаған

жағдайда тарату комиссиясы осы Нұсқаулықтың 9-тармағында көзделген барлық әрекетті жасайды.

16. Банктің тарату комиссиясының өкілеттігі:

1) банктің активтерін анықтау және меншік иесімен банктің жоғарғы органдарының өкілеттігі шегінде оны тарату мақсатын ескере отырып банктің барлық активтеріне ие болу;

2) банктің атынан оның басшылығының банкті тарату және оның қызметін аяқтау мақсатына сәйкес келетін қызметін орындау;

3) банктің активтері мен мүлкін резервтеу, сондай-ақ оның мүлкін ашық сауда-саттықтан өту;

4) өзінің қызметі мен міндеттерін орындауды қамтамасыз ету үшін контракт бойынша қажетті қызметкерлер жалдау;

5) еңбек заңдарына сәйкес банк қызметкерлерін жұмыстан босату;

6) таратылатын банктің қаржылық жағдайын ескере отырып қызметкерлеріне жалалқы белгілеу;

7) банктің құжаттары мен мүлкін, сондай-ақ банкке кепілді қамтамасыз етуге берілген басқа да мүлікті сақтауды қамтамасыз ету жөнінде шара қолдану;

8) таратылатын банктің атынан талап қою, банк алдындағы барлық міндеттемелерді ескеру және банкке тиісті ақшаны жинау;

9) банк кредиторларының талаптарының заңға сәйкестігін анықтау және олардың банктің тарату комиссиясы таныған талаптарын қанағаттандыру;

10) сотта таратылатын банктің атынан шығып сөйлеу.

17. Заң бұзушылық фактілері немесе Қазақстан Республикасының заңдарын басқа да түрде бұзу анықталған жағдайда банктің тарату комиссиясы белгіленген тәртіппен құқық қорғау немесе сот органдарына хабарлауға тиіс.

18. Бас банктің тарату комиссиясы әрбір айдың 10-ына дейін Ұлттық Банкке Ұлттық Банк белгілеген үлгі бойынша орындалған жұмыс туралы есеп беруге, қажетіне қарай Ұлттық Банктің тиісті сұратуы негізінде банктің таратылу комиссиясының қызметі туралы қосымша ақпарат беруге міндетті.

Банктің филиалдарының тарату комиссиялары бас банктің тарату комиссиясына әрбір айдың 5-не дейінгі мерзімде белгіленген үлгі бойынша өз жұмысы туралы есеп береді.

19. Банктердің таратылатын шоттары бас банктердің орналасқан жері бойынша Ұлттық Банктің филиалдарында, сондай-ақ бас банктердің филиалдарында ашылады. Таратылатын банктер мен олардың филиалдарының барлық ақшасы банктердің тарату шоттарына жазылады.

Одан әрі тарату шоттарынан қаржыларды жазу және шығарып тастау осы Нұсқаулыққа және Ұлттық Банктің нормативтік құқықтың актілеріне сәйкес жүргізіледі.

Таратылатын банктің алдында берешегі жоқ клиенттерінің жазбаша талабы бойынша тарату комиссиясы Ұлттық Банк Басқармасының банкті ықтиярсыз тарату туралы қаулысы қабылданғаннан кейін таратылатын банктегі олардың банк шоттары не түсіп жатқан ақшалардың жаңа деректемелері бойынша дереу ( талапты алған күннен бастап 3 банктік күн ішінде) қайтарады.

Ұлттық Банктің Басқармасы банкті ықтиярсыз тарату туралы қаулы қабылдағанға дейін және одан кейін де банктің корреспонденттік шотына қателесіп аударылған ақшаны тарату комиссиясы клиенттердің жазбаша талабы бойынша қате жазылғандығын растайтын барлық қажетті құжаттар алынған күннен бастап үш банктік күн ішінде жіберушілерге қайтарады.

#### **4-тарау. Активтерге ие болу және талаптарды қарау**

20. Банктің тарату комиссиясы осы Нұсқаулыққа және Ұлттық Банктің Қазақстан Республикасының банкеріндегі бухгалтерлік есеп пен есеп беруді реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес таратылатын банктің уәкілетті қызметкерлерін қатыстыра отырып банктің активтері мен мүлкін кейінге қалдырмай инвентарлауға, сондай-ақ тартылған сарапшының көмегімен мүлікті бағалауға міндетті.

Баланстық құны 100 айлық есептік көрсеткішке дейін тұратын мүлікті банктің тарату комиссиясы дербес бағалай алады.

21. Банктің активтеріне банктің өз мүлкі, несиелердің барлық түрлері мен категориялары, алынған барлық кепілмен қамтамасыз ету, банк алдындағы басқа да қаржылық міндеттемелер кіреді.

22. Банкте және банктен тыс сақталған барлық кепілмен қамтамасыз ету инвентарлануға тиіс.

23. Барлық кредиттік шарттар, кепілмен қамтамасыз ету жөніндегі шарттар ( міндеттемелер), кредиттік істер оларға қоса тіркелген барлық құжаттардың есебі бар екендігі және толықтығы туралы деректер нақтылана отырып сипатталуға тиіс. Қажетті шарттар мен басқа да материалдар болмаған жағдайда олардың себебі анықталады және тиісті акт жасалады.

Осымен бір мезгілде банктің тарату комиссиясы кредитті берудің және оны қайтару туралы міндеттеменің айғағы болып табылатын құжаттарды жинау үшін шара қолдануға міндетті.

Кредиттік шарттардың талаптарының Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне және есептеулердің осы талаптарға сәйкес келуі тексеріледі. Банк берген несиелер бойынша сыйақы (мүдде) белгіленген тәртіппен есептеледі.

24. Активтерді инвентарлау кезінде анықталған нақты қолма-қол ақшаның бухгалтерлік есептің деректерінен айырмашылығы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген тәртіппен реттеледі және аралық

тарату балансында ескерілуге тиіс.

25. Таратылатын банктің инвентарлау жолымен анықталған барлық активтері мен мүлкі таратылу массасына енгізілуге тиіс. Банктің балансына Ұлттық Банктің банкті ықтиярсыз тарату туралы қаулысы қабылданған күні енгізілмеген және инвентарлау барысында анықталған активтер аралық тарату балансында көрсетілуге тиіс.

26. Егер таратылатын банктің қолындағы ақша кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болса, банктің тарату комиссиясы банктің мүлкін Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен ашық сауда-саттықтан сатуды жүзеге асырады.

27. Банктің тарату комиссиясы белгіленген тәртіпке сәйкес төмендегі талаптар мен мақсаттарға сүйене отырып таратылатын банктің мүлкін сатады:

- 1) банктің мүлкін мүмкіндігінше жоғары бағамен сату;
- 2) банктің мүлкін сатудан болған шығынды азайту;
- 3) дұрыс бәсекеге қолдау көрсету.

28. Мүліктік құқы мен заңды мүдделері бұзылған заңды тұлғалар заңда белгіленген тәртіппен таратылатын банкке оның тарату комиссиясының атына жазбаша талап қоюға құқы бар.

Тиісінше ресімделген және жіберілген талапта заңды тұлғаның толық атауы, талап қоюға негіз болатын мән-жайлар, өтініш берушінің дәлелін растайтын дәлелдемелер, талаптың сомасын және оның есебін қосқанда оның талаптарының мәні, талапқа қоса берілген құжаттардың тізбесі болуға тиіс.

29. Банктің тарату комиссиясы талапты қарағанда қойылған талаптың заңдылығын және оның негізділігін (қажетті дәлелдемелердің болуы, өндіріліп алынатын соманың есептелуінің дұрыстығы және т.б.) тексеруге тиіс.

Егер талапқа оны қарауға қажетті құжаттар қоса тіркелмесе, онда олар өтініш берушіден тапсыру мерзімін көрсете отырып сұратып алынады, ол мерзім почтамен жібергенде жолда болатын уақытты санамағанда 5 күннен аспауға тиіс. Талап етілетін құжаттар көрсетілген мерзімде алынбаған жағдайда талап қолда бар құжаттар бойынша қаралады.

Қажет болған жағдайда талапты қараған кезде тарату комиссиясы есептерді салыстырып тексеруге, сараптама жасауға және талап тәртібімен дауды реттеуді қамтамасыз ететін басқа әрекеттерді жасауға тиіс. Мұндай жағдайда талапты қарау мерзімі талап етілген құжаттарды алуға қажетті мерзімге ұзартылады.

30. Банктің талапты алған тарату комиссиясы өтініш берушінің негізді талаптарын тануға және оған талапты қараудың нәтижесі туралы жазбаша түрде хабар беруге міндетті.

Талапқа жауапта мыналар көрсетілуге тиіс:

- 1) банктің тарату комиссиясының және жауап жіберілген заңды тұлғаның



атауы, жауаптың күні және нөмірі, талаптың күні және нөмірі, осыларға жауап беріледі ;

2) талапты қанағаттандырудан толық немесе ішінара бас тартқан жағдайда бас тарту себептерін негіздейтін тиісті нормативтік актілер мен құжаттарға сілтеме жасалған бас тартудың себептері;

3) талапқа берілген жауапқа қоса тіркелетін құжаттардың тізбесі, сондай-ақ басқа дәлелдер .

Талапқа берілген жауап тапсырыс берілген немесе бағалы хат арқылы жіберіледі немесе қол қою немесе басқа жолмен (факс, телекс, телетайп және т.б.) қолға табыс етіледі .

31. Талап қоюға арналған мерзім баспасөз бетінде банктің ықтиярсыз таратылуы туралы және талап қоюға арналған мерзімнің белгіленуі туралы хабар жарияланған күннен бастап саналады.

Орынды себептерден аталған мерзімді өткізіп алған жағдайда банктің тарату комиссиясы қойылған талапты мойындауға құқылы.

32. Банктің тарату комиссиясы талап қою және қойылған барлық талаптарды қарау мерзімі өтіп кеткеннен кейін активтер мен мүлікке жүргізілген инвентарлаудың нәтижесін ескере отырып, аралық тарату балансын жасайды, бұл баланста таратылатын банктің мүлкінің құрамы, кредиторлар мәлімдеген талаптардың тізбесі, сондай-ақ оларды қараудың нәтижелері туралы мәліметтер болуға тиіс .

Аралық тарату балансын банктің тарату комиссиясы белгіленген үлгі бойынша жасайды және оны банктің тарату комиссиясын тағайындаған орган бекітеді .

Банктің тарату комиссиясы таратылатын банктің міндеттемелері бойынша кредиторлармен бекітілген аралық балансқа сәйкес есеп айырысады.

## **5-тарау. Кредиторлардың талабын қанағаттандыру және таратудың аяқталуы**

33. Кредиторлардың тарату комиссиясы таныған талаптары мынадай кезектілікпен қанағаттандырылуға тиіс:

1) ең алдымен тарату ісімен, сенімді адамның қызметін атқарумен байланысты шығындар, сондай-ақ таратылатын банктің негізгі қызметін қамтамасыз ету қажеттігінен туған шығындар өтеледі;

2) екінші кезекте таратылатын банк тиісті уақытша төлемдерді капиталдандыру жолымен өміріне немесе денсаулығына зиян келтіргені үшін жауап беретін азаматтардың талаптарын қанағаттандырады;

3) үшінші кезекте еңбек шарты бойынша жұмыс істеген адамдардың еңбекақысы және авторлық шарт бойынша сыйақы төлеу жөніндегі төлемдер бойынша есеп айырысады ;

4) төртінші кезекте жеке тұлғалардың депозиттер және қаржы аударымдары бойынша талаптары қанағаттандырылады;

5) бесінші кезекте тек қана қайырымдылық қызметпен айналысатын коммерциялық ұйымдармен, Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің ұйымдарымен және соларға теңестірілген адамдардың ұйымдарымен, Қазақстан Республикасы Мүгедектерінің ерікті қоғамымен, Қазақ зағиптар қоғамымен, Қазақ саңыраулар қоғамымен және осы заңды тұлғалардың меншігі болып табылатын өндірістік ұйымдармен және олардың қаражаты есебінен мүгедектердің басқа ұйымдарымен ағымдағы шоттардағы және депозитке салынған олардың қаражаты бойынша, сондай-ақ мемлекеттік емес зейнетақы қорларымен олардың салымшыларының зейнетақы жарналарының сомасының шегінде есеп айырысады ;

6) алтыншы кезекте кредиторлардың таратылатын банктің кепілге салынған мүлкімен қамтамасыз етілген міндеттемелері бойынша талаптар қанағаттандырылады ;

7) жетінші кезекте бюджетке және бюджеттік емес қорларға төленетін міндетті төлемдер жөніндегі берешек өтеледі;

8) сегізінші кезекте заңды тұлғалардың есеп айырысу және ағымдағы шоттарының қаражаттары бойынша талаптары қанағаттандырылады;

9) тоғызыншы кезекте банкаралық кредиттер бойынша банктермен және таратылатын банктің кепілге салынған мүлкімен қамтамасыз етілмеген депозиттік салымдар бойынша заңды тұлғалармен есеп айырысу жүзеге асырылады ;

10) оныншы кезекте заң актілеріне сәйкес басқа кредиторлармен есеп айырысу болады .

34. Осы Нұсқаулықтың 33-тармағының 1-тармақшасында көзделген, үнемі және бірінші кезекте өтелетін шығындар болмаса, алдыңғы кезектің талаптары әрбір кезектің талабы толық қанағаттандырылғаннан кейін қанағаттандырылады.

35. Таратылатын банктің мүлкі бір кезектің барлық талаптарын толық қанағаттандыруға жетпеген жағдайда қолда бар барлық қаражат тиісті кезектің кредиторлары арасында қанағаттандырылуға тиісті талаптардың сомаларына тең бөлінеді .

Банктің тарату комиссиясы кредитордың талаптарын қанағаттандырудан бас тартқан немесе оларды қараудан жалтарған жағдайда таратылатын банктің тарату балансын бекіткенге дейін кредитор банктің тарату комиссиясының үстінен сотқа арыз беріп шағынуға құқылы. Соттың шешімі бойынша кредитордың талаптары таратылатын банктің қалған мүлкінің есебінен қанағаттандырылады .

Таратылатын банктің жеке тұлғалардың депозиттері бойынша талап етілмеген берешегі депозит шартымен Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 291-бабында белгіленген (жалпы бөлім) тәртіппен және сондағы негіз бойынша нотариустың атына енгізілуге тиіс.

Егер кредитор сотқа арыз беріп шағынбаса және сот өз шешімімен кредитордың талаптарын қанағаттандырудан бас тартса, кредиторлардың тарату комиссиясы танымаған талаптары да өтелген деп саналады.

36. Қазақстан Республикасының заңдарында немесе таратылатын банктің құрылтайшы құжаттарында басқа нәрсе көзделмеген болса, тарату балансы мен таратылатын банктің есебін жариялауға қажетті қаражаттан басқасы болмаса, таратылатын банктің кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкі меншік иесіне немесе осы мүлікке мүліктік құқы бар немесе таратылатын банкке қатысты міндетті құқықтары бар қатысушыларға беріледі.

37. Кредиторлармен есеп айырысып болғаннан кейін, банктің тарату комиссиясы банкті тарату туралы есепті және тарату балансын жасайды және оларды бекіту үшін Ұлттық Банкке жолдайды. Ұлттық Банктің Басқармасы бекіткен тарату балансы және банкті тарату туралы есеп юстицияның орталық органының ресми басылымдарында жариялануға тиіс.

Ұлттық Банк Басқармасы тарату туралы есепті және тарату балансын Ұлттық Банктің Банктерді тарату процесін бақылау басқармасының тиісті ұсынысы негізінде қарайды және бекітеді.

38. Ұлттық Банктің Банктерді тарату процесін бақылау басқармасы белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің органын тарату процесінің аяқталуы туралы хабармен қамтамасыз етуге міндетті.

39. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің органы заңды тұлғалардың мемлекеттік тізіліміне банкті ықтиярсыз тарату туралы енгізгеннен кейін, банкті ықтиярсыз тарату аяқталды, ал банк қызметін тоқтатты деп саналады.

#### **6-тарау. Қорытынды ережелер**

40. Осы Нұсқаулықта реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заң нормаларына сәйкес шешілуге тиіс.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Ұ л т т ы қ                              Б а н к і н і ң

Төрағасы